

Қазақстан Республикасының 1992 жылы туған еркек жынысты азаматтарын 2009 жылы әскерге шақыру учаскесіне тіркеуді ұйымдастыру және қамтамасыз ету туралы

Қостанай облысы Сарыкөл ауданы Әкімінің 2009 жылғы 23 қаңтардағы № 1 қаулысы.
Қостанай облысы Сарыкөл ауданы әділет басқармасында 2009 жылғы 2 ақпанда № 9-17-74 тіркелді

"Әскери міндеттілік және әскери қызмет туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 17-бабының 3-тармағына сәйкес, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 33-бабы 1-тармағының 13) тармақшасын басшылыққа алып **ШЕШТІМ:**

1. 2009 жылдың қаңтар-наурыз айларында Қазақстан Республикасының 1992 жылы туған еркек жынысты азаматтарын "Қостанай облысы Сарыкөл ауданының қорғаныс істері жөніндегі бөлімі" мемлекеттік мекемесінің әскерге шақыру учаскесіне тіркеу ұйымдастырылсын және қамтамасыз етілсін.

2. Сарыкөл кентінде тіркеу пункті ұйымдастырылсын.

3. "Сарыкөл орталық аудандық ауруханасы" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорынның бас дәрігеріне (келісім бойынша) "Қостанай облысы Сарыкөл ауданының қорғаныс істері жөніндегі бөлімі" мемлекеттік мекемесімен (келісім бойынша) бірлесіп тіркеу жөніндегі іс-шараларды қамтамасыз етуге кепілдеме берілсін.

4. Ауылдық округтер және Сарыкөл кентінің әкімдері:

1) тіркеуді өту үшін комиссияға азаматтардың келуін қамтамасыз етсін;

2) азаматтарды әскерге шақыру учаскесіне жеткізу үшін еріп жүретін тұлғаларды берсін, апарғанда жазатайым оқиғаларды болдырмау үшін шараларды қолдансын.

5. "Сарыкөл ауданы әкімдігінің қаржы бөлімі" мемлекеттік мекемесі азаматтарды әскерге шақыру учаскелеріне тіркеуге байланысты іс-шараларының қаржыландырылуын "Қостанай облысы Сарыкөл ауданының қорғаныс істері жөніндегі бөлімі" мемлекеттік мекемесінің шығыс сметасында ескерілген қаржы бөлу есебінен жүзеге асырсын.

6. Осы шешім ол алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Сарыкөл ауданының әкімі

Қ. Ғабдулин

КЕЛІСІЛДІ